# AL-FARABI.KZ



№4/2020





**ТОПЫРАҚ ЭКОЛОГИЯСЫН ОҚУШЫЛАРМЕН ЗЕРТТЕУ**

**20 БЕТ**

AL-FARABI.kz

№ 4/2020



**Редакционная коллегия журнала «Al-Farabi.kz»**

**Мутанов Г.М.**, ректор КазНУ им. аль-Фараби, главный редактор
**Буркитбаев М.М.**, первый проректор, зам.главного редактора
**Хикметов А.К.**, проректор по учебной работе
**Малаев Х.А.**, проректор по административно-хозяйственной работе
**Рамазанов Т.С.**, проректор по научно-инновационной деятельности
**Джаманбалаева Ш.Е.**, проректор по социальному развитию
**Дюсебаев Д.К.**, директор Департамента имиджевой политики и связи с общественностью
**Боранбай А.А.**, директор РНПЦ «Дарын»
**Шимашева Р.С.**, начальник Управления образования г. Алматы
**Медеубек С.М.**, декан факультета журналистики
**Байдельдинов Д.Л.**, декан юридического факультета
**Давлетов А.Е.**, декан физико-технического факультета
**Палтөре Ы.М.**, декан факультета востоковедения
**Сагиева Р.К.**, декан факультета Высшей школы экономики и бизнеса
**Жаппасов Ж.Е.**, декан факультета довузовского образования
**Жакебаев Д.Б.**, декан механико-математического факультета
**Джолдасбекова Б.У.**, декан факультета филологии и мировых языков
**Масалимова А.Р.**, декан факультета философии и политологии
**Тасибеков Х.С.**, декан факультета химии и химической технологии
**Сальников В.Г.**, декан факультета географии и природопользования
**Ногайбаева М.С.**, декан факультета истории, археологии и этнологии
**Заядан Б.К.**, декан факультета биологии и биотехнологии
**Айдарбаев С.Ж.**, декан факультета международных отношений
**Калматаева Ж.А.**, декан медицинского факультета
**Асан А.Т.**, директор издательского дома «Қазақ университеті»
**Урмашев Б.А.**, декан факультета информационных технологий
**Калиакпар Д.К.**, начальник службы по связям с общественностью и организациями

Составитель:
*Калиакпар Д., Нұрлан А.*
Корректоры:
*Бекбердиева Г., Шуриева А.*
Компьютерная верстка:
*Калиева А.*

**Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №12280-Ж**
**г. Астана, 2.02.2012 г.**

## Содержание – Мазмұны

**Новости КазНУ**
*Әмір Б.Т., Байжуманов К.Д.* Использование автоматизированной системы AutoCAD при изучении специальных дисциплин в КазНУ им. аль-Фараби ........ 2
*Ешимов М.П., Нұртілеуова С.Р.* Пандемия кезіндегі онлайн іс-шаралар ... 4
*Жұманов М.Ә., Байжұманов Қ.Д., Досжанов О.М.* ҚазҰУ-де студенттерге қашықтықтан оқыту кең қолданыс алуда ........ 6
*Абсаттар А.* Қашықтықтан оқыту – заман талабы ........ 7
*Данияровa А.Б., Арынова Г.А.* О мерах профилактики ОРВИ, гриппа ........ 9
*Даниярова А.Б., Арынова Г.А., Идаят М.* Саулық – сақтықта!!! ........ 12
**Школа умов**
*Айсұлтанова Қ.Ә.* ҚазҰУ – жастар бағдаршамы ........ 14
*Оспанова Ш.С., Алдиярова А.Н., Куйкабаева А.А.* Университет кадрларының халықтың әлеуметтік осал топтарына демеуі ........ 16
*Болысова Ж.С., Бекалай Н.Қ.* ҚазҰУ студенттері белсенділігін жоғалтпайды ........ 18
*Култаев У.О., Сейлханова Г., Рахым А.Б., Танабаева Б.А.* Топырақ экологиясын оқушыларымен зерттеу ........ 20
**Наследие**
*Akhmedova A.,Sadenova A.,* We are proud of our history ........ 23
*Удербаева С.К.* Алихан Букейханов: страницы из жизни и деятельности.. 25
*Жакирова Н., Сасыкова Л.* Абайды әулие демей көр ........ 29
*Юлдашева З., Хасеинова А.* Тұлғалыққа жол бастаған – бұл жастар! ........ 32
*Удербаева С.К.* Казахский чиновник Ишмухамед Суюк-оглы Абылайханов ........ 34
*Удербаева С.К.* Казахский чиновник Семиречья, востоковед, агроном, переводчик Сабатаев Сатылган ........ 37
*Юрьевич Т.Н., Поветкин В.В.* Анализ проблемы разработки ветроэнергетических установок в Казахстане ........ 44
**Моя будущая профессия**
*Березовская И.Э., Воробьёва О.Д.* Виртуальные лабораторные работы в образовании студентов ........ 48
*Куйкабаева А.А., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С.* Виртуалды зертханалар ........ 50
*Жаксыбеков Д. М., Коршиков Е.С.* Исследования свойств криоконденсатов газов ........ 52
*Сариева А.К.* Физика пәні бойынша мектеп мұғалімдерінің оқушыларды ғылыми жобаларға қатыстыруы бойынша педагогикалық шеберліктерін арттыру мәселесі ........ 55
*Тұрсын Т.Е., Өлмес Д.С., Мақсұт Ж.А.* ҚазҰУ-дың факультеттері нағыз маман дайындайды ........ 60
*Потапченко А.В., Коршиков Е.С.,* По пути к абсолютному нулю ........ 62
*Оспанова А.К., Балтабаева Б. Қ., Савденбекова Б.Е., Кубашева Ж.Б.* Заттардың түзілуі мен «химиялық байланыс» деген ұғымы ........ 65
*Оспанова А.К., Рахматуллаева Д.Т.,Савденбекова Б.Е., Кубашева Ж.Б.* Зат және зат күйі дегеніміз не? ........ 69
*Бурханбеков К.Е., Аубакиров Е.А., Құдайбергенов Н.Ж.* Буфер ерітінділеріне арналған есептердің шешу алгоритмі ........ 72
*Рыскалиева Р.Г., Романова С.М.* Металдардың негізгі алыну жолдары ........ 74
*Рыскалиева Р.Г., Романова С.М.* Диссоциациялану константасы және дәрежесі ........ 77
**Страничка ЮМОРА** ........ 79

**AL-FARABI.kz** **№4/2020**

**ИБ №14093**
Подписано в печать 15.12.2020. Формат 70x100 $^{1}/_{16}$.
Печать цифровая. Объем 5.0 п.л. Тираж 30 экз. Заказ №15880.
Издательский дом «Қазақ университеті»
Казахского национального университета им. аль-Фараби. 050040,
г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.
Отпечатано в типографии издательского дома
«Қазақ университеті».

*Тұрсын Т.Е., Өлмес Д.С., Мақсұт Ж.А.,*
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың*
*2-курс магистранттары*

# ҚАЗҰУ-ДЫҢ ФАКУЛЬТЕТТЕРІ НАҒЫЗ МАМАН ДАЙЫНДАЙДЫ

***Түйіндеме:*** Бұл мақалада ҚазҰУ-дың факультеттері нағыз маман дайындайтыны қарастырылады. Факультеттерінің бәсекеге қабілеттілігі талданды. Мамандықтың түрлері ұсынылды.

**Негізгі бөлім**

Қазақстан Республикасы әлемде бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына кіру және оны орнықтыру жөнінде алдына міндет қойды. Қазіргі замангы бәсекеге қабілеттілікті білім беру жүйелері бойынша да бағалайды. Бәсекеге қабілетті Қазақстандағы ең үздік жоғары оқу орындарының бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Университет білім берумен қатар, рухани дамуға, болашаққа деген сенімге нық тұруға жол сілтейді [1].

Қазіргі таңда «қазақтың қара шаңырағы» атанған Университтің білім беру жүйесіне жоғары базалық білім – бакалавриат, жоғары арнайы білім, магистратура және докторантура кіреді. ҚазҰУ-ға қабылдау мемлекеттік білім беру гранттары бойынша және келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады. 180-нен астам мамандық бойынша мамандарды даярлайды. Университет құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтары, 2 мыңнан астам профессор, ғылым докторлары, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері жұмыс істейді [2].

Қазақстандағы ең үздік журналистерді дайындап шығаратын бірегей Университет ол – ҚазҰУ. Ол жерден талай жазушылар мен елге елеулі азаматтар оқып, білім алды. Қазіргі таңда теле-бағдарламаларда, газеттерде жалпы бұқаралық ақпарат құралдарында танылып жүргендерден бөлек, бірқатары президент әкімшілігінде жұмыс атқаруда. Бұл Университеттің үздік маман дайындауда көшбасшы екенін көрсетеді.

Елімізде инновацияға көңіл бөлгелі, талай өзгерістер енді. Ал, соны дамытатын болашақ жастар. Түлектердің менеджмент кафедрасындағы «Инновациялық менеджмент» мамандығына түсуі, болашағының жарқын кепілі. Заманына қарай адамы, өзгерістерге дайын маманға қай жерден де орын табылары анық.

Физика-техникалық факультет республиканың жоғары білім беру саласында көшбасшы болып табылады. Бұл факультеттің түлектері еліміздің еңбек нарығында өте жоғары бағаланады, білім мен технологияның кез келген жаңа салаларын белсенді игеруге, өмірде өз орнын табуға мүмкіндік беретін іргелі білімі мен практикалық дағдыларына ие болады.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына байланысты Ақпараттық технологиялар факультетінде мамандарды дайындау үшін «Жасанды интеллект және BigData» кафедрасы ашылды. Ақпараттық технологиялар факультетінің негізгі мақсаты – ұлттық экономиканың IT-секторын динамикалық тұрғыда дамытып, әлемдік деңгейге жеткізетін жоғары білікті мамандар даярлау. Бұл мамандықты игерген маманға кез келген жерден орын табылары белгілі.







Шығыстану факультеті Қазақстанның шығыс тілдерін игерген жоғары білікті мамандар даярлайтын ірі орталығы болып табылады. Факультетте арабтану, түркология және корейтану ғылыми зерттеу орталықтары, үндітану, қытайтану, ирантану, жапонтану ресурстық-ақпараттық орталықтары жұмыс істейді. Факультетте 8 шығыс тілі: араб, парсы, қытай, корей, түрік, жапон, хинди және урду, сондай-ақ, екі батыс тілі: ағылшын және француз тілдері оқытылады. Бұл факультеттен талай танымал тұлғалар түлеп ұшқан.

Заң факультетіне тоқталсақ, факультеттің ең күрделі ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жақсы ғылыми әлеуеті бар. Мектеп бітіріп келіп, оқуға түскен студенттер білімін шыңдап, маман иесі атанады. Бұл жерден түлеп ұшқан заңгер, өз жұмысын толықтай сенімді атқара алады. Қазіргі таңда заң факультетінде құқықтану және кеден ісі мамандықтары бойынша мамандарды дайындайды. Студенттерді даярлау үдерісі орта білім және жоғары білім негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар заң факультетінің студенттері магистратура және PhD докторантурасына түсуге мүмкіндіктері бар.

Медицина және денсаулық сақтау факультет құрылымында екі мектеп бар – Қоғамдық денсаулық сақтау жоғарғы мектебі және Медицина жоғарғы мектебі, «Инновациялық денсаулық сақтау» ғылыми-тәжірибелік орталығы. Қазақстанның жетекші университеті ретінде, ауқымды білім беру, ғылыми және инфрақұрылымдық ресурстарға ие, Университеттің жеке клиникалық базалары бар. Бұл жерден білім алған маман иесі, тәжірибелі болып шығатыны белгілі.

Бұдан өзге Биология және биотехнология факультеті, география және табиғатты пайдалану, Шығыстану факультеті, Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, тарих, археология және этнология, Халықаралық қатынастар, физика-техникалық факультеті, Экономика және бизнес жоғары мектебі секілді көптеген факультеттер және олардың әртүрлі мамандықтары бар [3]. Кез келген мектеп бітіруші түлек, керек ақпаратты www.kaznu.kz сайтынан немесе ақпараттық нөмірлерден біле алады. Оқимын, өсемін деген жас өркенге есік ашық. Бұл университеттен білім алған кез келген адам заман талабына сай жан-жақты, толерантты қасиетті бойына сіңіреді.

Мектеп бітіретін оқушылар үшін ең қолайлы Университет құшағын жайып, қарсы алады. Алыстан келіп оқимын деушілерге жатақханадан орын беріледі. ҚазҰУ қалашығы өзгеше бір мемлекет секілді бәсекеге қабілетті екенінің айқын көрінісі. Білім алумен қатар, жастарға демалуға, рухани дамуға, өсуге, өркендеуге барлық жағдайлар жасалған. Қазақстандағы басқа жоғары оқу орындарымен де шетелдік университеттермен де бақталасатын көшбасшы екені талай мәрте дәлелденді. Болашақта да солай болады.

**Әдебиеттер:**

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы. – Астана, 2003.
www.kaznu.kz
https://talapker.online